

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ
КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУЖАРИЯЛАНДЫ
10.04.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/152216/ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН
ДАМУ

Дарменшева Айнур Анарбековна

Түркістан облысы, Жетісай ауданы,

№1 Жетісай балалар өнер мектебі

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру барысында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу – тәрбие ісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық іскерлігін дамытуды, музыка пән мұғалімінің оның ішіндегі өнер мектептеріндегі мұғалімдердің іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Еліміздің болашақта көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрініс табады.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе — әлеуметтік- педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерге зәру.

Қазіргі өнер мектептерінің жағдайында білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын,

педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл, зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Өнер мектептеріндегі музыка мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігінің негізі — ең алдымен, олардың ғылыми-шығармашылық жұмыстар жасау әдістемесін бойларына сіңіруіне байланысты. Танымдық қызығушылықтың өз кезінде пайда болып дамуымен шығармашылық белсенділік пен өзбетінше жұмыс жасауы барысында қалыптасады. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше, ол үшін Өнер мектептеріндегі мұғалімдерді жаңаша жұмыстар атқаруы тиіс. Бұл Өнер мектептерінің сапасын арттыруды, мұғалім тұлғасының өздігінен дамуына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік жасауды және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануды көздейді. Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсартуға, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологиясын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [1].

Өнер мектептеріндегі жас музыка мұғалімдерінің іс-әрекетіне талдау жасаған кезде олардың әр түрлі әдістемелік тапсырмаларды шешуде дайындықтарының толықанды емес екендіктеріне көз жеткізуге болады. Бұл біріншіден, мұғалім-музыканттың іс-әрекеті шынайы тәжірибемен байланыспай, көптеген педагогтардың кәсіпқой-педагогикалық білімдері белгілі бір жүйеге келтірілмегендіктен; екіншіден, теориялық білім, қабілет пен дағды көп жағдайда бүтін бір тұтас жүйеде емес, бөлек-бөлек дамығандықтан; үшіншіден, мұғалімдер алдыңғы қатарлы ой-пікірлерді толық меңгермей, қазіргі кездегі озық педагогикалық тәжірибелерді, педагогикалық теорияны практикада қолдану жолдарын білмегендіктен анағұрлым шамада қиындықтар туғызып, осындай жағдайлардың қалыптасуына себепші болады.

Кәсіпқой-педагогикалық музыка мұғалімдерін дайындаудағы жағдайды көтеру ғалым-зерттеушілер О.А.Апраксина, Е.Я.Гембицкий, Ю.Б.Алиев, Л.Г.Арчажникова, Э.Б.Аблуллин, Э.Балчитас, О.П.Соколова, В.Л.Яконюк, т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Бұл зерттеулерде болашақ мамандардың педагогикалық, шеберліктерін қалыптастыру мәселесі бойынша теориялық-әдістемелік бағалы ақпараттар мен тиянақты көмек бере алатын мәліметтердің бай қоры сақтаулы [2].

Педагогикалық, шеберлік әр түрлі теориялық білімдерден нәр алып (психопедагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, философиялық, арнайы және т.б.) теория мен тәжірибе арасындағы өзінше бір жалғастырушы бөлім рөлін атқарады.

Өнер мектептеріндегі музыка пән мұғалімі оқылатын пән мен оқушы арасындағы дәнекер түйін сияқты. Ол өз оқушысымен де, оқытатын пәнімен де тығыз байланыста. Осының өзі музыка пән мұғалімінің бүкіл іс-қимыл әрекетімен қызметіне оның тұлғасына, белгілі бір өріс аумағына сай талап қояды. Осыған орай музыка пән мұғалімінің іс-әрекетінің, қызметінің өзіндік ерекшелігінің мәні зор екені байқалады. Мұғалім өзінің жұмысында әрбір оқушыға өз алдына жеке-жеке педагогикалық тәсілдер қолданады.

Өнер мектептерінде балаларды музыкаға тәрбиелеудегі сан сұрақтардың бірі – музыкалық шығармашылық болып табылады, яғни балалардың өздері құрыстырған вокальдық және аспаптық шығармалар. Осы жерден келіп екі түрлі көзқарас қалыптасады:

1. Композиторлық дарыны бар балалар ғана музыкалық шығармашылықпен айналыса алады, олардың әрі қарай шығармашылық қабілетін дамыту керек.
2. Әрбір баланы музыкалық шығармашылыққа баулу — әрбір баланың дамуында зор роль атқарған.

Өзі құрастырған шығармалардағы музыкалық шығармашылық белсенділік қандай дәрежеде болмасын музыкалық ойлауына, орындаушылық шеберлігіне елеулі әсер етеді.

Музыка өнері тек эстетикалық тәрбие құралы емес, оның өзге де сипаттары бар: ұлттық болмыс, мазмұн, сипат. Сондықтан да өнер мектептерінде оқушылардың тәрбиесіне ықпал ететіндей жаңаша түрін іздеу керек.

Өнер мектептеріндегі музыка мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін дамытуда музыка өнерінің әр түрлі қызмет атқара алатын қасиеттерін меңгеруі тиіс:

- 1) Қатынастық қызмет.
- 2) Кәсіби бағытпен тікелей байланыста музыканы дамыту.
- 3) Жастар ойын, олардың жалпы білімдік деңгейін мамандыққа сәйкес дамыту.
- 4) Мамандыққа сәйкес тәрбиелік қызмет т.б.

Өнер мектептеріндегі музыка мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін дамытудағы негізгі міндеттер:

- қазақтың ұлттық мәдениетінің жай-күйін зерттеу;
- жастар арасындағы мәдени-рухани байлықтарды кеңейту;
- музыка саласындағы жетістіктерін насихаттау;
- жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесіне мейлінше көңіл бөлу.

Өнер мектептерінде музыкалық білім мен тәрбие берудің негізі — ұлттық дәстүрде. Қазақ халқының мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін зерттеу мәселесі де жас ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңызға ие болды. Оқушы музыка әуенінің өзіндік ерекшелігін, табиғатын түсінуі керек. Кез келген музыкалық шығарма мінездемесі, құрылымы, мазмұны, жанры, стилі, шығу тарихы жағынан бірінші кезеңде тұтастық талдау әдісіне бағынышты. Екінші кезеңдегі бөлшектеп талдау әдісі музыканы өңдеу, әуенді музыкалық құралдардың айқындылығын меңгеруді тереңдетеді. Ал, үшінші кезеңдегі тұтас талдау әдісі өнердің бір-біріне жақын түрлерін біріктіреді. Мектептегі барлық оқу және сыныптан тыс эстетикалық бағыттағы жұмыс барысы музыка пән мұғалімінің кәсіби білімін, іскерлігін талап етеді [3].

Өнер мектептеріндегі музыка мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін дамытудағы заңдылықтарды да білуге тиіс:

- мектептегі музыкалық қызметті ұйымадастырудың негізгі формаларын;
- ұлттық бағдарламаның мазмұнын, оның идеялық, теориялық негізін, дидактикалық принциптері мен әдістерін;
- музыкалық шығарманың көркемдік және тәрбиелік мәнін;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін;
- оқыту-тәрбиелеу процессін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін әр сынып деңгейіне байланысты таңдай білу;

Өнер мектептерінде музыкалық ұлттық аспапты меңгеру, ән салу, дирижерлаумен қатар, теориялық біліммен де толы қарулануы керек. Білікті музыкант әдебиеттерді, музыка тарихын, оның тілін түсінуі қажет етеді. Сондай-ақ, қатар музыкалық өнерді қоғам дамуындағы орны мен әдебиет, сурет және басқа мамандықтармен байланысын білуі, яғни өз пәнін толық меңгеруі қажет. Мұғалімнің музыкалық тәжірибесі қоғамдық пәндермен тоғысып психология, педагогика циклін құрып музыкаға тәрбиелеудің әдістемесін меңгертеді.

Қорыта айтқанда өнер мектептеріндегі музыка мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін дамытудағы басты маңыз музыканы терең меңгеруді, ұлттық болмысымызға сіңген төл өнерімізді білумен өлшенбек. Ұлттық музыка — өзінің эмоционалық әсері арқылы ұлт тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет ететіндігіне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрхатова М. Музыкалық білім берудің әдістемесі: Оқу құралы. — Өскемен, 2005 ж.
2. Қыдырбаева М. Мектептегі музыкалық тәрбие әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2010 ж. -136 б.
3. Ажіғалиева У.А., Балажанова Қ.М. Музыкалық педагогикадағы халықтық салт-дәстүрлер оқу әдістемелік құрал – Павлодар: Мұра, 2007 ж. – 59 б.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.